


Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Аманқарағай балалар кітапханасы
Аманқарағай ауылдық кітапхана-коворкингі
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Аманқарағайская детская библиотека
Аманқарағайская сельская библиотека-коворкинг



«ҰЛТЫН ОЯТҚАН ҚАЗАҚ»

Міржақып Дулатовтың 140-жылдығына арналған
әдістемелік құрал

Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Аманқарағай балалар кітапханасы
Аманқарағай ауылдық кітапхана-коворкінгі
ГҰ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Аманқарағайская детская библиотека
Аманқарағайская сельская библиотека-коворкінг

«ҰЛТЫН ОЯТҚАН ҚАЗАҚ»

Міржақып Дулатовтың 140-жылдығына арналған

әдістемелік құрал

Аманқарағай, 2025

ББК 91.9:78

Ұ 45

**Құрастырушылар/
Составители**

**Шығарылымға жауапты/
Ответственный за выпуск
Мұқабаны безендірген /
Дизайн обложки
Редактор**

Нугуманова Жанат Сайрановна
Кельм Елена Оттовна
Карбаева Гульфайза Касымхановна
Мукушова А. К. – аға библиограф /
старший библиограф
Сакауова А. Б.

Серкебаева С. Ж. – Директор
Аулиекольской ЦБС

«Ұлтын оятқан қазақ» : әдістемелік құрал [Мәтін] / Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ ; Аманқарағай балалар кітапханасы және Аманқарағай ауылдық кітапхана-коворкингі ; құраст.: Ж. С. Нугуманова, Е. О. Кельм, Г. К. Карбаева ; редактор С. Ж. Серкебаева. – Әуликөл. – 2025. – 37 б.

Әдістемелік құралға журналист, қазақ ақыны, жазушы, драматург, Алаш-Орда үкіметі мен Қазақстанның ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі Міржақып Дулатов туралы өмір жолы мен еңбектері, естеліктер мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар еніп отыр.

ББК 91.9:78

Ұ 45

«Әуликөл аудандық орталықтандырылған
кітапханалық жүйесі» мемлекеттік мекемесі

Құрастырушыдан

Міржақып Дулатов – журналист, қазақ ақыны, жазушы, драматург, Алаш-Орда үкіметі мен Қазақстанның ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі. Дулатовтың саяси тағдыры 1909 жылы «Оян, қазақ!» атты тұңғыш поэзиялық жинағын шығарғанда анық айқындалды. Оның алғашқы басылымы Уфадағы «Кәрімов, Хусаинов и Ко» серіктестігінің «Шығыс баспасы» (Шарқ) баспаханасынан шыққан. Тиражы бірден тәркіленді. Кітапты қайта басып шығару 1911 жылы Дулатов Торғайға оралғанда ғана мүмкін болды. Жарияланған басылымдары үшін полицияның бақылауына және патшалық құпия полициясының назарына түсті. Ал 1911 жылы Семейде Мемлекеттік Думаны таратқан император Николай II келемеждеп жазған «Жұмбақ» поэмасы үшін тұтқындалып, екі жылға бас бостандығынан айырылды. Бірақ кейін жаза 2 мың рубль айыппұлмен ауыстырылады. Болашақта М. Дулатов бірнеше рет тұтқынға алынып, үнемі ІХК бақылауында болады.

Құралдың мақсаты: Дулатовтың еңбектерін, сондай-ақ оның осы қоғамдағы көп салалы қызметін өскелең ұрпақ үшін үлгі ретінде қою. Халқымыздың ұлттық зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді насихаттау, олардың шығармашылығын көпшілікке тарату.



Өмірбаяны



Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

Дулатов Міржақып 1885 жылы 21 қарашада бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты Сарықопа болысында (қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Қызбел ауылы) туған. Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі. Дулатов 2 жаста шешеден, 10 жаста әкеден айырылып, ағасы Асқар Дулатовтың қолында өскен. Алғашында ауыл молдасынан хат танып, кейін Торғайдағы Ы. Алтынсарин ықпалымен ашылған 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алған (1902). Ауыл мұғалімі деген куәлік алып, ауылда бала оқытады. 1904 жылы Омбы қаласына қоныс аударған. Осы қалада А. Байтұрсынұлымен, Ә. Бөкейхановпен танысады. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петербург қалаларында көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлесу, саяси қозғалыстарға араласу Дулатовтың саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптауына ықпал етеді.



Дулатов 1905 жылы 17 қазанда Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолдаған Қарқаралы құзырхатын дайындаушылардың бірі болды. 1905–1907 жылдары Зайсан уезіндегі Бекмұхамбет қажы ашқан қазақ мектебінде сабақ берген. 1906 жылы Дулатов Конституциялық демократтар партиясы делегаттары қатарында Санкт-Петербургке барады. Түрлі сипатты жиындар мен саяси күштер ұйымдастырған көше шерулеріне, ереуілдерге қатысады. Осы кезден бастап Ресей үкіметі құпия полициясының саяси сенімсіз адамдар тізіміне ілігеді. 1907 жылы Санкт-Петербургке жалғыз ғана нөмірі шыққан «Серке» газетінде Дулатовтың жастарға деген өлеңі басылады. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Қазақ оқырмандары үшін бұл кітаптардың әсері үлкен болды. Ауыл арасында қолдан-қолға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның есімі танымал болды. Ресей әкімдері тарапынан бұл кітапты оқуға тыйым салынып, қолға түскен даналары тәркіленген. Дулатов Қызылжарда сот кеңесінде тілмаштық қызмет атқарып, мұғалімдігін де жалғастырады, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Қазақ басылымдарына, әсіресе, «Айқап» журналына үзбей мақала жазып тұрады. Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көру ниетімен 1911 жылы Қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай саяхатқа шығады. Құпия полиция тыңшыларының қатты аңдуына алынған Дулатов 1911 жылы маусым айының жетісі күні Семей қаласына келгенде ол түскен М. Молдабаевтың үйіне тінту жүргізіліп, тұтқындалады да, 19 ай қамауда отырады. 1912 жылы Орынборға келеді. Осындағы қазақ зиялылары ақыл қосып, ел санасын оята беру мақсатымен баспасөз қызметін қолға алуды ұйғарады. Дулатов 1913–1918 жылдары «Қазақ» газетінің бас редакторы А. Байтұрсыновтың орынбасары, жауапты хатшы қызметінде болады. 1917 жылдың 25 ақпанында Торғай губернаторы М. Эверсман, Ә. Бөкейхановтың ұсынуымен Дулатовқа және дәрігер Ә. Алдияровқа арнайы куәлік беріп, оларды Минск маңы мен Баранович қаласында тыл жұмыстарында жүрген қазақтарға қолдау көрсетіп, жетекшілік етуге жібереді. М. Дулатов Минскіде Бөкейханов ұйымдастырған

«Еркін Дала» (1917) атты саяси үйірменің ісін жандандырып, қазақ жастарының көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті. Дулатов 1916 жылғы оқиғалардың зардабынан қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында, Семей қаласында қазақ тарихындағы ең алғашқы «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырды. Осы жылдары Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жұмысына белсене араласады. Дулатов Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде 1917 жылы Орынборда өткен 1 және 2 жалпықазақ съезіне белсене қатысып, «Алаш» партиясының бағдарламасын жазған. 1917 жылы Қызылжарда сот мекемелерінде, 1918–1920 жылдары Ташкент қаласында Түркістан республикасының «Ақ жол» газетінде қызмет атқарған. 1922 жылы Алаш қозғалысына қатысқаны үшін қамауға алынып, Орынборға жөнелтіледі де, сонда қамаудан босатылды. 1922 жылы 9 наурызда Семей қаласында қазақ зиялылары бас қосып, ашыққан елді аман сақтап қалу үшін сенімді азаматтарды елге шығарып, шаруасы күйлі азаматтардан жылу ретінде мал жию керек деген байламға тоқтайды. М. Дулатов пен Ж. Аймауытов осы іске басшылық жасап, екі-үш айда 15 мың бас ірі қара мал жинап, ашыққан елді мекендерге жібереді. 1922-1926 жылдары Орынборда Қазақ халық ағарту институтында оқытушы, Қызылжарда, Семейде сот мекемелерінде, Қызылордада мерзімді баспасөз орындарында қызмет істеген. М. Дулатов – көрнекті саясаткер. Ресей империясының отарлық саясаты, атақонысы мен мал-мүлкінен, дәулетінен айырыла бастаған халқының мұң-зары, ауыр тұрмысы Дулатовты саяси күрес жолына шығарды. Ол «Қазақ» газеті бетінде алуан түрлі саяси-әлеуметтік мәселелерді көтереді. Зәбір, зорлық көрген қарапайым адам құқы мен отарлық езгі тепкісіндегі қазақ елі туралы тынбай жазды. Дулатовтың шығармалары зорлыққа қарсы тұруға, күресуге үндейді. «Жастарға» өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» мақаласынан бастап барлық шығармалары осы мақсатты ғана көздейді. Ол «Айқап» журналынан «Еңбекші қазақ» дейінгі аралықтағы баспасөз қызметіне белсене араласады. Әсіресе, Дулатов негізін қалаушылардың бірі болған «Қазақ» газеті Қазақстанда өтіп жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық, оқу-ағарту, өнер-білім салаларындағы

әрекеттердің көш басында тұрды. Дулатов 1916 жылғы маусым жарлығынан соң Ресей үкіметі мен қазақ халқы бетпе-бет келген қиын күндерде де аса күрделі саяси мәселелердің ушығып кетпеуі үшін күресті. Ол Қазақстанның аса көрнекті қоғам қайраткерлері жайында очерк, әңгіме, портрет, тарихи дерекнамаларын орыс, татар басылымдарында да жариялады. Оларды өзге халықтарға танытуға күш салды. «Абай», «Хан Абылай», «Қазақ ақыны», «Қазірет сұлтан», «Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов», т.б. іргелі зерттеу мақалаларын жазды. Дулатов Қазақстан мен қазақ халқының тегі, тарихы туралы еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе, «Қазақ қырғыздың ататегі» туралы көлемді шығармасы XX ғасырдың басындағы осы сипатты еңбектер арасынан тарихи-деректік мазмұнымен назар аудартады. Еңбекте XVIII ғасырда қазақ елі туралы жазған Г. Миллер, П. Паллас, И. Георгий, Н. Рычков, Ф. Фишер, XIX ғасырдағы Г. Клапорт, К. Рейтер еңбектеріндегі көптеген пікірлердің терістігін, тарихи мәліметтер бұрмаланатыны атап көрсетіледі. Қазақ тарихын зерттеушілер арысынан А. Левшинді айрықша бағалайды. Орыс, түрік, қытай, т.б. халықтардың танымал тарихшыларының тегі туралы байсалды ой айтады. М. Дулатов «қазақ» этнонимінің тарихта белгілі болуы туралы нақты деректер келтіре отырып, оны бертінде ғана топтасқан құрама халық деп есептейтін көзқарасты тарихи, жүйелі, негізді дәлелдермен жоққа шығарады. О. Синковский, В. Григорьев, В. Вильяминов-Зернов, Э. Мэйр, В. Радлов, Н. Ибрагимов, Н. Веселовский, т.б. пікірлердің тарихи деректерден гөрі болжамды сипатын көрсетеді. Дулатов Фердоусидің «Шахнамасындағы» қазақтар туралы мәліметтерге, қазақтар жайында X ғасырдағы Вамбери пікіріне сүйене отырып, қазақ атауының тарихы ежелгі дауірлермен астасады деген пікірлерге тоқталады.

...Ұлт зиялылары өз еңбектерінде халқымыздың дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарына, саяси-құқықтық жүйесіне, әсіресе қазақ қоғамындағы билердің мәртебесіне, алатын орнына ерекше назар аударған.

Әлихан Бөкейханов қазақ қоғамының дәстүрлі құқықтық жүйесіндегі билердің орны ерекше екендігін «Тағы да би һәм билік» атты мақаласында өз

көзқарасын ашық білдіреді: «Қазақтың би һәм билігін өзгертіп, не керек шірік жіп қанша жалғанғанмен не іске жарайды? Бұл биді, билікті жоғалтып, қазақты орыс судьясына қарату керек деп орыс айтады, шарифатқа қарату керек деп біздің молдалар айтады. Біз мұның екеуіне де қол қоймаймыз...»

...XX ғасырдың басында халықты оятудың және оның ұлттық санасын жебеп, жігерлендірудің аса бірегей көсемсөзші, қайраткері болған Міржақып Дулатов, 1921–1922 жылдары алғашында Семей уезінде халық сотының тергеушісі болып, кейінірек Семей губерниялық Кеңес халық сотының орынбасары болып тағайындалады. Семей уезінде тергеуші болып қызмет істеген М. Дулатов жұмыс бабына қарай елге жиі шығады. Ел ішіндегі даулы мәселелердің көптігі соншалықты тергеушілердің дамыл көрмей істеуіне тура келген, өйткені әділет іздеп анталаған халық дем алуға мұрша бермеген. Бұл туралы М. Дулатов: «Осынша көптің жұмысы «закончілеп» бітіремін деген сот ауылда екі жыл жатса да бітетін емес. Ол кезде әлі қылмыс заңдар шықпаған, сот қызметкері істің ақ-қарасын «төңкерісшілдік арымен», социалистік сана жолымен ғана айыратын шақ еді» – деп айтуы дәлел.

Сонымен М. Дулатов 1921–1922 жылдың мамыр айына дейін Кеңес халық сотында сот қызметкері қызметін адал атқарады.

Бұл қызметі туралы М. Дулатов: «Асыра айтқандық емес, қысқа мерзімде менің белсенді және адал қызмет етуімнің арқасында сот мекемелерінің беделі көтерілді, әсіресе қазақ бөлімінің жұмысы алға басты. Мен қазақ бөлімін басқардым. Бұл сол уақытта Семейде қызмет атқарған жолдастардың бәріне аян», – дейді.

Баспасөз беттерінде өзі куә болған қылмысты істерді, дау-жанжалдарды талдап, мақалалар жазды. Атап көрсетсек: «Халық соты», «Сот қайтсе түзеледі?», «Сот осындай болсын», «Ұрлық қайткенде тыйылады?».

1921 жылы 9 ақпанда «Ақ жол» газетінде қайраткердің «Халық соты» деген мақаласы жарияланды. М. Дулатов дәстүрлі қазақ қоғамындағы әділ шешім шығарған, билердің рөлін, қазақ халқының өмірінің әрбір кезеңіндегі саяси билікке байланысты халық сотының болмысының қалай өзгергендігін

саралап, тек әділ шешім шығаратын сот қана нағыз халық соты дәрежесіне көтерілетіндігін айтады.



Осы орайда, қайраткердің мақаласын толық беруді жөн көрдім: «Сот түзелмей, халық түзелмейді. Сот халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмесе, сот емес, ол – сор».

Алаш ұранды қазақ-қырғыз бұрын орыс патшаларына бағынбай, заманасы тарылмай, Сарыарқаны ен жайлап, төрт түлікті мал айдап, өз салтымен дәурен өмір сүріп жүрген заманда, өз арасынан нелер данышпан, нелер шешен, нелер тапқыр, билер шыққан. Олардың айтқан билігі жерде қалған емес. Бұлай болудың бірнеше себептері болған. Мәселен:

- 1) ол кездегі билер ешкім сайлап қойған емес, жүйрік, жорға секілді жаратылысынан би болып туған болғандар;
- 2) табиғи билігінің үстіне, халықпен бірге өсіп, біте қайнасып, тұрмысына, әдет-ғұрпына жетік болғандар;
- 3) билікті кәсіп етпей, әділ би атануды мақсат көргендер;
- 4) атақты билердің көбі зеректігінің үстіне, жуан күшті рудан шыққандар.

Бұл ескі билердің билігі теп-тегіс қазіргі заманға лайық, шын әділдік таразысына тартқанда, мінсіз демесек, заманына қарай, іздесе таптырмайтын билік еді.

Заман өзгеріп, қазақ халқы орыс патшаларына бағынғаннан кейін, сайлау шығып бұрынғы кемеңгер билер бірте-бірте жоғалып, олардың орнына аузын буған өгіздей, тобан аяқ тапыршылдар би болды. Бұлар халықтың ескі сарын жолынан адасып, ақшаға сатылып, биліктің қадірін кетірді. Бұл – надан билер.

«Жаманнан жасауыл қойсаң,
Еліңді жауға алдырар.
Наданнан би қойсаң,
Еліңді дауға қалдырар», –

деген қазақтың ескі мақалын еске түсіре бастады. Ел ішінде дау-жанжал көбейді. Жан жүрмейтін ісіне жан жүргізді, мал бермейтін жеріне мал бергізді. Ақ қараға, қара аққа айналды.

Қазақ-қырғыздың күні өзінің әлгідей жаман билеріне қарап қалған жоқ. Кісі өлімі, ұрлық-зорлық, барымта, атыс-шабыс секілді істердің көбі орыс сотына қарады. Орыс сотының қолданғаны, орыс патшаларының заңы болып, ол заңның он екіден бір нұсқасы халықтың тұрмысына тура келмеуші еді. Орыс судьялары да, халықтың тілінен, әдет-ғұрпынан емге білері жоқ, көбінесе алдындағы шалағай, жемқор тілмаштардың жетегімен адасып кетуші еді.

Заңның мағынасы – әдет-ғұрып, рәсім деген сөз. Заң әдет-ғұрыпқа қайшы келсе, үлкен аяққа тар етік кигізгенмен бірдей.


Енді жаңа дәуір басталды. Бұрынғы ескі заңдар жыл асырылып, жалпы жұртқа ерік беріліп кеңес үкіметі халық соты туралы да заң шығарып отыр. Кеңес үкіметінің жолында ақшамен, парамен би болу болмайды. Болса желкесін қияды. Я, енді сот жұмысын құруға белсеніп кірісу керек...

Сотқа шын еңбекшілер қамын ойлайтын, ақшаға, ажарға сатылмайтын, халықтың әдет-ғұрыпына жетік, ақ жүрек адамдарды сайлау керек» – деп турасын жазады.

Сондай-ақ, қайраткер өзінің «Ақ жол» басылымында 1924 жылы 19 қарашада жариялаған «Сот қайтсе түзеледі?» – атты мақаласында қазақ соттары қайтсе шың мағынасында әділ сот болады деген мәселеге кең тоқталады: «Сотты түзету жөнінен біз үлгіні коммунистік партиядан алуымыз керек. Партияға түскісі келгендердің қандай адамдар екенін партия ұйымдары қалай тексерсе, газет жүзінде жариялап, олардың партия мүшесі болуға лайықсыздығын білушілерден сұрастырса, соңынан да дүркін-дүркін тазартып, сұрыптап отырса, сот болғысы келгендер де, заң курстарына түспекшілер де

сондай тексеріліп, сондай сұрыпталып, електен өтіп отыруы керек. Өйткені партия мүшесі қандай таза болу керек болса, сот та сондай таза болуы шарт. Сот болатын адамдар осы ретпен қойылса, олар сайланарда сыннан өтіп сайланғаннан кейін де «тазарту» деген нәрсенің барлығын естерінен шығармай жүреді. Сот қызметкері туралы біздің алдымен қоятын шартымыз – тазалық болу керек. Тазалығы болмаған адам, мейлі данышпан болсын, ешкімге опа бермейді», – деп ой тұжырымдайды. Еліміздің өркениеттілігін көтеріп, халық алдында соттардың бедел-дәрежесін арттырып, азаматтарды салауатты өмірге бейімдеп, тәртіпке мойын ұсынуларын көздесек, талап етсек жоғарыда айтқан ұлт зиялыларының ойларын ескергеніміз абзал.

М. Дулатов 1928 жылдың желтоқсанында қамауға алынады. 1930 жылы ату жазасына кесіліп, кейін оны он жыл абақтыға ауыстырады. Беломор-Балтық каналының құрылысы бойында Сосновск станциясындағы лагерьде «жазасын» өтейді. 1935 жылы 5 қазан күні осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады. 1988 жылы қарашаның төртінде республика Жоғары сотының коллегиясы Дулатовтың есімін біржола ақтады. Сүйегі 1992 жылы 1–18 қыркүйек аралығында Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын ауыл бейітіне әкелініп, қайта жерленді.



Қорытынды:

Міржақып Дулатов 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ!» атты кітабымен дауыл сияқты тез арада тарихқа еніп кетті. Революциялық рух, өз өмірін Отанға арнау ниеті Дулатовты Алаш партиясына, одан кейін Алашорда үкіметіне әкелді, онда ол А. Байтұрсынұлымен бірге Алашорданың басты баспасы – «Қазақ» газетін шығарды.«Оян, қазақ!» кітабы халықты сергек болуға, ақылға келуге, дүниеге көзқараспен қарауға, ондағы өз ұстанымын бағалауға, ағартушылық жолға түсуге, көшпенділіктен бас тартып, отырықшылыққа көшуге, заманауи өмір салтын меңгеруге шақырды. М. Дулатов «Қазақ жерлері» өлеңінде қазақтардың құнарлы жерлерден ығыстырылғанын, олардың қоныстанған жерлерінің қатты тарылуын күйзеліспен жазады. Өкінішке орай, М. Дулатовтың шығармашылық мұрасы, саяси және мемлекеттік қызметі әлі де шынайы зерттелмеген.

Кітаптары

1. Дулатов, М. Бақытсыз Жамал [Мәтін] : Роман. Әңгімелер. Өлеңдер / М. Дулатов. – Астана : Фолиант, 2024. – 204 б.
2. Дулатов, М. Бақытсыз Жамал : роман / М. Дулатов; Қыз көрелік : роман / Т. Жомартбаев ; Ақбілек : роман / Ж. Аймауытов [Мәтін] / М. Дулатов. – Алматы : Жазушы, 2009. – 319, [1] б.
3. Дулатов, М. Оян, қазақ! [Мәтін] : роман, өлең-жырлар, әңгімелер / М. Дулатов ; құраст. Н. Ақбай. – Алматы : Атамұра, 2003. – 190, [2] б.
4. Дулатов, М. Шығармалары [Мәтін] / М. Дулатов. – Алматы : Ана тілі, 2010. – 398, [2] б.
5. Дулатұлы, М. Алашым, ардағым! [Мәтін] / М. Дулатұлы ; құраст. және ред. А. Ментебаева. – Алматы : «Олжас кітапханасы» Баспа үйі, 2012. – 182 б.
6. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 1 т : Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 396, [2] б.

7. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 2 т : Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 390, [2] б.
8. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 3 т : Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 398, [2] б.
9. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 4 т : Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 342, [2] б.
10. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 5 т : Аудармалар, құжаттар мен деректер / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 501, [3] б.
11. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 6 том : Кейінгі жылдары табылған құжаттар мен деректер, хаттар, естеліктер / М. Дулатұлы ; құраст. : Е. Сатыдалбиев, В. Галиев, Т. Жұртбаев, М. Әпсәметов. – Алматы : Мектеп, 2013. – 470, [2] б.

Міржақып Дулатов туралы кітаптар

1. Абақтыдағы жан сөзі [Мәтін] : Түрмеде жазылған жырлар антологиясы / [құраст. Е. Тоқтарбай] – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 560 б.
2. Алаш қозғалысы [Мәтін] : балаларға арналған анықтамалық. – Алматы : ЖК «InterBesCompany», 2017. – 151, [1] б.
3. Алаш қозғалысы [Мәтін] : Алаш қозғалысына, партиясына, Алашорда үкіметіне арналған өлеңдер / құраст.: Е. Тілешов, С. Жұмағұлов. – Алматы : ЖК «InterBesCompany», 2017. – 88 б.
4. Асқаров, Ә. Кертолғау мен ойтолғау [Мәтін] : Ардақты ағалар, замандастар мен құрдастар, ізетті інілер жайындағы ой-толғамдар / Ә. Асқаров. – Алматы : Тоғанай Т, 2024. – 365, [2] б.: сурет.
5. Әбдіраш, Ж. Құлпытас [Мәтін] / Ж. Әбдіраш. – Алматы : Мер-PRESS, 2017. – 287, [1] б.

6. Әбсәметов М. Міржақып Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 1995. – 215 б.
7. Дулатова, Г. Алаштың сөнбес жұлдыздары [Мәтін] / Г. Дулатова. – Алматы : Мектеп, 2012. – 991, [1] с.
8. Дулатова, Г. Шындық шырағы [Мәтін] : естелік-эссе / Г. Дулатова. – Алматы : Мектеп, 2013. – 405, [1] б.
9. Елеукенов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 5 : Жаңа жолдан. зерттеулер, сыни мақалалар / Ш. Елеукенов. – Алматы : Қазығұрт, 2010. – 365, [3] б.
10. Естеліктегі Алаш [Мәтін] / құраст., алғы сөзін және түсініктерін жазған С. Б. Жұмағұл ; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л. Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық ун-ті ; «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-ты. – Ғылыми-танымдық басылым. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 488 б.
11. Жақанов, И. Инжу-маржан [Мәтін] / И. Жақанов ; [жобаның авторы: М. Жолдасбеков] – Астана : Күлтегің, 2023. – 320 б.
12. Жұртбай, Т. «Ұраным-Алаш!..» [Мәтін] : зерттеулер. Т. 1 / Т. Жұртбай. – Алматы : Ел-шежіре, 2008. – 472 б.
13. Жұртбай, Т. «Ұраным-Алаш!..» [Мәтін] : түрме әфсанасы. Т. 2 / Т. Жұртбай. – Алматы : Ел-шежіре, 2011. – 462, [2] б.
14. Жүз жиырма тұңғыш [Мәтін] : құраст. Б. Нұржеке-ұлы. Т. 1. – Алматы : Жалын баспасы, 2015. – 383, [1] б.
15. Кәкішев, Т. Қазақ зиялары [Мәтін] / Т. Кәкішев. – Алматы : Қазығұрт, 2011. – 414, [2] б.
16. Қазақ халқының тарихи тұлғалары [Мәтін] 2 кітап : Ұлттық қайраткерлер, ақын-жазушылар, күш алыптары, ғалымдар, суретшілер, сәулетші-архитекторлар, өнер ратландары / құраст. Ә. Көпіш. – Алматы : Өнер, 2016. – 367, [1] б.
17. Қазақ халқының философиялық мұрасы [Мәтін] 11-том : XX Ғасыр басындағы қазақ философиясы / ғыл. ред. Ә. Нысанбаев ; құраст. Т.

- Ғабитов, С. Е. Нұрмұратов ; сарапшы М. Сәбит ; арнайы ред. Ж. Аймұхамбетова – Астана : Аударма, 2008. – 464 б.
- 18.«Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» : Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. 31 мамыр–1 маусым 2012 жыл=»Голод в казахстане: трагедия народа и уроки истории». Сборник материалов международной научной конференции. 31 мая–1 июня 2012 года [Мәтін] / ред. Б. Ғ. Аяған. – Астана : Мемлекет тарихы институты, 2012. – 395, [5] б. + фото.
- 19.Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы [Мәтін] : 10 томдық. 6 том : Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихынан (1920-2000 жылдар) / құраст. С. Қалиев, К. Аюбай. – [Алматы] : [Сөздік-Словарь], [2009] – 396, [4] б.
- 20.Қалиев, С. Этнопедагогика [Текст] : оқулық / С. Қалиев , Ж. Молдабеков , Б. Иманбекова. – 2-басылым. – Астана : Фолиант, 2010. – 397, [1] б.
- 21.Қамзабекұлы, Д. Алаш арқауы [Мәтін] : [зерттеу мақалалар] / Д. Қамзабекұлы. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 406, [2] б.
- 22.Қожакеев, Т. Шығамалары [Мәтін] Т. 6 / Т. Қожакеев. – Алматы : Айғаным, 2014. – 285, [1] б.
- 23.Қойшыбаев, Б. Тәуелсіздік тамырлары [Мәтін] : зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар / Б. Қойшыбаев. – Алматы : Дәуір, 2022. – 612 б.: сурет.
- 24.Мақпырұлы, С.М. Қазақ әдебиеті [Мәтін] I бөлім : оқулық / С. М. Мақпырұлы, Т. Сыдықов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарына ұсынады – 2-басылым. – Астана : Фолиант, 2011. – 191, [1] б.
- 25.Мәсімханұлы, Д. Таңдамалы. Үш томдық [Мәтін] Т. 1 : Мұхтар Әуезов және Лу Шүн. Жыр-Жебе: зерттеулер / Д. Мәсімханұлы. – Астана : Фолиант, 2016. – 596 б.
- 26.Омашев, Н. 1920-жылдардағы кеңестік журналистика [Мәтін] : құраст.: Ғ. Ақсейіт, Ұ. Сәйдірахман / Н. Омашев. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 318, [2] б.

- 27.Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары)=Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века) [Текст] Т. 15 : Северный Казахстан и Алаш / сост.: А. Г. Ибраева, С. З. Маликова и др. – Астана : б.и., 2022. – 408 с.
- 28.Сәтбаева, Ш. Уақыт шуағы. Шакарим Кудайбердиев [Мәтін] : Бес томдық шығармалар. Т. 4 / Ш. Сәтбаева. – Астана : Елорда, 2013. – 479, [1] б.
- 29.Смағұлова С. Міржақып Дулатов отарлау саясатына қарсы күрескен қайраткер //«Елім деп соққан ұлы жүрек»: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист Міржақып Дулатұлына арналады) Құраст. В. Қ Күзембаева ; Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2002. – 362 б.
- 30.Сыздықова, Р. Көптомдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 13 : Қазақтың ғылым әлеміндегі алғашқы алыптар: «Абай» энциклопедиясында жарияланған ғылыми-теориялық мақалалар / Р. Сыздықова ; жауап. ред. О. Жұмабаева. – Алматы : Ел-шежіре, 2018. – 379, [3] б.
- 31.Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы [Мәтін] : он томдық. т. 10 : Түркі халықтарының тарихи ойы / құраст. ғыл. ред. Р. Қ. Нұрмағамбетова – Астана : Фолиант, 2006. – 391, [1] б.
- 32.Туған тіл [Мәтін] : альманах. № 1 (38), 2019 / ред. алқасының төреғ. Ғ. Мелдешов. – Алматы : б.и., 2019. – 99, [1] б.
- 33.Туған тіл [Мәтін] : альманах. № 4 (41), 2019 / ред. алқасының төреғ. Ғ. Мелдешов. – Алматы : б.и., 2019. – 99, [1] б.
- 34.Тулегенова А. Ж. Міржақып Дулатұлының қоғамдық саяси қызметі // «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» атты халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары (Қарағанды, 30–31 қазан 2015 ж.). – Қарағанды : Болашақ баспа, 2015. – 162–169 б.
- 35.Ұлт рухы [Мәтін] : [қанатты сөздер] / құраст. Е. Зәңгіров. – Алматы : Arna-b, 2015. – 159, [1] б.

36. Шәріп, А. Егеулі қалам [Мәтін] / А. Шәріп. – Алматы : Sardar G, 2024. – 365, [2] б.
37. Ысқақұлы, Д. Қазақ әдеби сынының тарихы [Мәтін] Т. 1 / Д. Ысқақұлы. – Алматы : Қазығұрт, 2011. – 462, [2] б.
38. Ісімақова, А. Алаш әдебиеттануы [Мәтін] : [монография] / А. Ісімақова. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 278, [2] б.
39. Ісімақова, А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы [Мәтін] : зерттеулер, мақалалар / А. Ісімақова. – Алматы : Дәстүр, 2015. – 286, [2] б.

Ақын, Алаш қайраткері М. Дулатов туралы

1. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні [Мәтін] // Қазақ. – 2015. – № 23–24. – Б. 1, 6–7.
2. Абдуллин, Әмірхан. «М. Дулатов және ұлт руханияты» [Мәтін] : [Торғай өңірінде кітапханашылардың облыстық семинары өтті] / Әмірхан Абдуллин // Қостанай таңы. – 2010. – 15 қыркүйек. – Б. 3.
3. Айқадамова, Айтолқын. Жастар санасына сілкініс керек [Мәтін] : [тәуелсіздік күні қарсаңында өткен ерекше рухани кездесу жастардың басын қосты] / Айтолқын Айқадамова ; суреттерді түсірген – Б. Көркембаев // Қостанай таңы. – 2024. – 6 желтоқсан. – Б. 19.
4. Айқадамова, Айтолқын. Тарихи телехикая түсірілуде [Мәтін] : [«Qazaqstan» ұлттық телеарнасының Алаш қайраткері Міржақып Дұлатұлы туралы] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2022. – 5 қазан. – Б. 7.
5. Алаш арыстары қалай ақталды? [Мәтін] : [ғалым Жабайхан Әбділдинмен сұхбат : суреттер бар] / Ж. Әбділдин ; әңгімелескен Жарасбай Сүлейменов // Егемен Қазақстан. – 2013. – 11 қаңтар. – Б. 7.
6. Ахметбеков, Байбатыр. Міржақып бабамызға ескерткіш орнатылды [Мәтін] : [қоғам қайраткері Дулатовқа] / Байбатыр Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2016. – 14 қыркүйек. – Б. 5.

7. Әбжанов, Ханкелді. Қаһарлы 1916 жыл: Ұлы бетбұрыс қырлары мен астары [Мәтін] / Ханкелді Әбжанов // Қостанай таңы. – 2023. – 26 мамыр. – Б. 20.
8. Әлім, Қайсар. «Егемен»: қос құбылыс! [Мәтін] : [Алаш қайраткерлері М. Дулатов пен Бейімбет Майлин туралы] / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. – 2017. – 23 қараша. – Б. 3.
9. Әлім, Қайсар. Қазағын оятып, ойлантқан! [Мәтін] : [Алаш қайраткерінің жер, дін, діл, жалпы хал-ахуал хақындағы ойларының өміршеңдігі туралы] / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. – 2010. – 24 қараша. – Б. 12.
10. Әлім, Қайсар. Қаралы қарбалас [Мәтін] : (Күнделіктен үзінді) / Қайсар Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 4 қараша. – Б. 23.
11. Әлім, Қайсар. Парыз бен қарыз [Мәтін] : Міржақып Дулатов – 125 / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. – 2010. – 24 ақпан. – Б. 5.
12. Әлімақын, Дүйсенәлі. Міржақып туралы телесериал [Мәтін] : [жуықта «Қазақстан» телерадиокорпорациясы қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлы туралы тарихи телехикаясының түсірілімін бастады] / Дүйсенәлі Әлімақын // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 19 тамыз. – Б. 16.
13. Әлімақын, Дүйсенәлі. Міржақыптың беймәлім суреті [Мәтін] : [ақын М. Дулатовтың суреті] / Дүйсенәлі Әлімақын // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 1 наурыз. – Б. 13.
14. Әмір, Әбутәліп. Міржақып туған киелі жер [Мәтін] : [ақын, Алаш қайраткері М. Дулатов] / Әбутәліп Әмір // Қостанай таңы. – 2024. – 20 ақпан. – Б. 6.
15. Әнесұлы, Жұмат. Қуғынмен басталып, азаппен аяқталған ұлы ғұмыр [Мәтін] : Көрнекті қоғам қайраткері, көркемсөз шебері Міржақып Дулатов туралы сөз / Жұмат Әнесұлы // Қостанай таңы. – 2016. – 29 қаңтар. – Б. 5–6.
16. Әсіпұлы, Сапабек. Жұртының жадындағы жарқын бейне [Мәтін] : [филология ғылымдарының кандидаты С. Әсіпұлы Міржақып Дулатұлы

- туралы] / Сапабек Әсіпұлы ; суреті бар // Ана тілі. – 2014. – № 10 (13–19 наурыз) – Б. 6–7.
17. Досмағамбетова, Әсем. Алаштың ардақтысы ардақталды [Мәтін] : [Міржақып Дулатовқа арналған әдеби-танымдық кеш өтті] / Әсем Досмағамбетова // Қостанай таңы. – 2024. – 18 қыркүйек. – Б. 7.
18. Есенжол, Азамат. Міржақыптың тайжақысы [Мәтін] : [Астанадағы Ұлттық музейде орналасқан] / Азамат Есенжол // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 10 қаңтар. – Б. 10.
19. Ескендір, Қанат. Дулатовтар мұрасы [Мәтін] : осы тақырыпты насихаттағаны үшін қаламгер Қайсар Әлімге «Ұлт мақтанышы» медалі табысталды / Қанат Ескендір // Егемен Қазақстан. – 2015. – 4 желтоқсан. – Б. 12.
20. Жақып, Қалқаман. Алаш және тәуелсіздік рухы [Мәтін] / Қалқаман Жақып // Қостанай таңы. – 2022. – 1 наурыз. – Б. 6.
21. Жақып, Қалқаман. Алаш және тәуелсіздік рухы [Мәтін] / Қалқаман Жақып // Қостанай-АГРО. – 2022. – 1 қыркүйек. – Б. 16.
22. Жахаң мүсіні орнатылды [Мәтін] : [Жангелдин ауданының Қызбел ауылында Алаштың көрнекті қайраткері Мыржақып Дулатовтың бюсті бой көтерді] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2021. – 14 шілде. – Б. 3.
23. Жұмағұл, Сағымбай. Алаш һәм Жапон [Мәтін] / Сағымбай Жұмағұл ; коллажды жасаған Қонысбай Шежімбай, «EQ» // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 19 қаңтар. – Б. 11.
24. Жүгенбаева, Гүлбану. Кеңестік билік тарихнамасындағы ұлттар қасіреті [Мәтін] : [Қазақстан Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне» орай жариялаған Үндеуі] / Гүлбану Жүгенбаева ; суретті түсірген Ерлан Омар, «EQ» // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 29 қазан. – Б. 15.
25. Жүнісұлы, Мұрат. Аудан музейі – Арқалықта [Мәтін] : [көрме туралы] / Мұрат Жүнісұлы ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2020. – 25 ақпан. – Б. 8.

- 26.Исмағұлова, Алма. «Оян, қазақ!» [Мәтін] : әдеби-әуезді кешінің сценарийі / Алма Исмағұлова // Кітап жаршысы. – 2010. – № 12. – Б. 4.
- 27.Исмаилова, Айнагүл. Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры биіктесін [Мәтін] : [орта мектепте іс-шаралар өткізілді] / Айнагүл Исмаилова // Әулиекөл. – 2015. – 24 желтоқсан. – Б. 5.
- 28.Кемеңгер, Қайырбек. Алаш биігі [Мәтін] / Қайырбек Кемеңгер // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 12 желтоқсан. – Б. 1, 4.
- 29.Көкірегі алтын Көмбе еді [Мәтін] : [Міржақыпқызы Гүлнар әкесі туралы] / дайындаған Қызжібек Әбдіғаниқызы // Қазақ. – 2015. – № 4. – Б. 5.
- 30.Күзембаев, Жамбыл. Міржақып Дулатұлы және «Қазақ» газеті [Мәтін] / Жамбыл Күзембаев // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 11 тамыз. – Б. 10.
- 31.Қадырменова, Әсемгүл. Тағылымы мол тарихи құжаттар [Мәтін] / Әсемгүл Қадырменова // Қостанай таңы. – 2021. – 2 наурыз. – Б. 6.
- 32.«Қазағын оятқан» [Мәтін] : [жазушы Қайсар Әлімнің кітабы жарық көрді] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2020. – 7 тамыз. – Б. 12.
- 33.Қайратұлы, Бекен. Алаш арыстарының ұстазы болған ауыл молдасы туралы не білесіз? [Мәтін] / Бекен Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 19 сәуір. – Б. 11.
- 34.Қайратұлы, Бекен. Алаш арыстарының Шәуешекке сапары [Мәтін] / Б. Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 21 қаңтар. – Б. 12.
- 35.Қайратұлы, Бекен. Қазақ зиялыларының қудалануы [Мәтін] / Бекен Қайратұлы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 30 мамыр. – Б. 7.
- 36.Қиысқан, Қыдырбек. Алаштың айбынын асқақтатқан [Мәтін] : [Елордада Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатұлына арналған ескеркіш ашылды] / Қыдырбек Қиысқан // Қостанай таңы. – 2021. – 9 шілде. – Б. 3.
- 37.Құлабаев, Нұрқанат. Алаш арыстарының Торғайдағы музейі [Мәтін] : [Торғайдағы ең көне ғимараттың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы мен

